

Шардара қаласының көшелеріне атау беру туралы

Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2022 жылғы 12 тамыздағы № 20-124-VII бірлескен шешімі және Түркістан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 18 тамыздағы № 220 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 25 тамызда № 29273 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес, қала тұрғындарының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 21 сәуірдегі қорытындылары негізінде, Шардара ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Шардара аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шардара қаласының атауы жоқ көшелеріне келесі атаулар берілсін:

- 1) № 17 атауы жоқ көшесіне - Әштар Жолдасов көшесі;
- 2) атауы жоқ көшесіне - Роман Қарсыбаев көшесі.

2. Осы бірлескен Шардара ауданы әкімдігінің қаулысы және Шардара аудандық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шардара ауданының әкімі
Аудандық мәслихат хатшысы

К. Жолдыбай
А. Карсыбаев